

А.М. Алибекова

*Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясы,
Қосшы қ., Қазақстан Республикасы*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ ЗАҢНАМАСЫ БОЙЫНША ЕСЕЛЕНГЕН МӨЛШЕРДЕГІ АЙЫППҰЛ ИНСТИТУТЫН ЖЕТІЛДІРУДІҢ КЕЙБІР АСПЕКТИЛЕРІ

Аннотация. Бас бостандығынан айыруға байланысты емес жаза түрлерін жетілдіру бөлігінде қылмыстық заңнаманы реформалау қылмыстық саясатты іске асырудың негізгі қағидаттарының бірі болып табылады. Қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауға кінәлі адамдарға қолданылатын қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларының тиімділігін қамтамасыз ету олардың жаңа қылмыстық іс-әрекеттер жасауының алдын алудың қажетті шарты болып табылады. Қылмыс немесе қылмыстық теріс қылық жасаған адамдарға қатысты қолданылатын негізгі жазалардың бірі ретінде еселенген мөлшердегі айыппұл институтын құқықтық реттеу мәселелері осы мақаланы дайындау шеңберінде зерттеу нысаны болды. Зерттеу барысында еселенген мөлшердегі айыппұл түріндегі жазаның ерекшеліктерін анықтау мәселелері бойынша отандық заңнама нормаларына талдау жүргізілді, кейбір шет елдердің қылмыстық жазаның қарастырылып отырған түрін заңнамалық бекіту бөлігіндегі тәжірибесі зерделенді. Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша еселенген мөлшердегі айыппұл түріндегі жазаны қылмыстық-құқықтық регламенттеудің ерекшеліктері қаралды, талдау қорытындылары бойынша қаралып отырған заңнаманы жетілдіруге бағытталған қорытындылар мен ұсыныстар тұжырымдалды.

Түйінді сөздер: қылмыстық жаза; санкция; еселенген мөлшердегі айыппұл; қылмыстық заң; заңнаманы жетілдіру; құқықтық реттеу; қылмыстық-құқықтық норма.

А.М. Алибекова

*Академия правоохранительных органов при Генеральной прокуратуре Республики Казахстан,
г. Косшы, Республика Казахстан*

НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ ИНСТИТУТА КРАТНЫХ ШТРАФОВ ПО УГОЛОВНОМУ ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВУ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Аннотация. Реформирование уголовного законодательства в части совершенствования видов наказаний, не связанных с лишением свободы, является одним из основных принципов реализации уголовной политики. Обеспечение эффективности воздействия уголовно-правовых санкций, применяемых в отношении виновных лиц в совершении уголовных правонарушений, представляется необходимым условием предупреждения совершения ими новых уголовно-наказуемых деяний. Вопросы правовой регламентации института кратного штрафа как одного из основных уголовный проступок, явились предметом изучения в рамках подготовки данной статьи. В ходе исследования проведен анализ норм отечественного законодательства по вопросам установления особенностей наказания в виде кратного штрафа, изучен опыт некоторых зарубежных стран в части законодательного закрепления рассматриваемого вида уголовного наказания. Рассмотрены особенности уголовно-правовой регламентации наказания в виде кратного штрафа по законодательству Республики Казахстан, по итогам анализа сформулированы выводы и предложения, направленные на совершенствование рассматриваемого законодательства.

Ключевые слова: уголовное наказание; санкция; кратный штраф; уголовный закон; совершенствование законодательства; правовое регулирование; уголовно-правовая норма.

SOME ASPECTS OF IMPROVING THE INSTITUTION OF MULTIPLE FINES UNDER THE CRIMINAL LEGISLATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Abstract. The reform of criminal legislation in terms of improving the types of punishments not related to imprisonment is one of the main principles of the implementation of criminal policy. Ensuring the effectiveness of criminal legal sanctions applied to persons guilty of committing criminal offenses seems to be a necessary condition for preventing them from committing new criminal acts. The issues of legal regulation of the institution of a multiple fine as one of the main punishments applied to persons who have committed a crime or a criminal offense have been the subject of study during the preparation of this article. In the course of the study, an analysis of the norms of domestic legislation on the establishment of the specifics of punishment in the form of a multiple fine was carried out, the experience of some foreign countries in terms of legislative consolidation of the type of criminal punishment in question was studied. The features of the criminal law regulation of punishment in the form of a multiple fine under the legislation of the Republic of Kazakhstan are considered, based on the results of the analysis, conclusions and proposals aimed at improving the legislation under consideration are formulated.

Keywords: criminal punishment; sanction; multiple fine; criminal law; improvement of legislation; legal regulation; criminal law norm.

DOI: 10.52425/25187252_2024_32_87

Кіріспе. Отандық қылмыстық заңнаманың қазіргі жай-күйі қылмыстық жазаларды іске асыру жолымен кінәлі адамдарға қылмыстық-құқықтық ықпал етудің пәрменді тетіктерін қалыптастыруға бағытталған оны жоспарлы реформалаудың нәтижесі болып табылады.

Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі Құқықтық саясат тұжырымдамасына сәйкес «қылмыстық-құқықтық реттеудің жазалау, қалпына келтіру және алдын алу құралдарының теңгерімділігі маңызды болып табылады. Осы тұрғыда қылмыстық заңнаманың бұзылған құқықтарды қалпына келтіруге, сотталғандар тарапынан да, өзге адамдар тарапынан да жаңа құқық бұзушылықтардың алдын алуға барынша бағытталуы артатын болады. Қылмыстық-құқықтық нормалардың санкциясын қалыптастыру кезінде олардың қоғамдық қауіптілік дәрежесі мен құқық бұзушылық сипатына мөлшерлес болу қағидаты мүлтіксіз сақталуға тиіс»¹.

Қабылданған қылмыстық жазалар жүйесі олардың мазмұны мен мақсаты бойынша ерекшеленетін қатаңдық дәрежесін

(қатаңдығы аз жаза түрінен неғұрылым қатаң түріне) ескере отырып қалыптасады. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі – ҚР ҚК) 52-бабының ережелеріне сәйкес «қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамға оның түзелуі және жаңа қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу үшін қажетті және жеткілікті жаза тағайындалуға тиіс. Егер жасалған қылмыстық құқық бұзушылық үшін көзделген жазаның онша қатаң емес түрі жазаның мақсатына жетуді қамтамасыз ете алмайтын болса ғана, ол үшін көзделгендері арасынан неғұрлым қатаң жаза түрі тағайындалады»². Осыған байланысты ғалымдардың келесі пікірі әділ болып көрінеді: «Қылмыстық саясаттың міндеттері мен қағидаттарына негізделген қылмыстық-құқықтық санкциялар жүйесін айқындау қылмыс жасауға кінәлі адамдарға әсер етудің тиімділігін қамтамасыз етудің және жаңа қылмыстардың жасалуының алдын алудың қажетті шарты болып табылады, ал сайып келгенде – мемлекеттің қылмыстық-құқықтық саясатының тиімділігінің маңызды көрсеткіштерінің бірі болып

¹ Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 ж. 15 қазандағы № 674 Жарлығы [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U210000674> (жүгінген күні: 05.03.2024).

² Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі: Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 ж. 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226> (жүгінген күні: 05.03.2024).

табылады» [1, 419 б.].

Материалдар мен әдістер. Мақалада Қазақстан Республикасының және шет мемлекеттердің нормативтік құқықтық актілері пайдаланылады, кейбір авторлардың қылмыстық жаза ретінде танылатын еселенген мөлшердегі айыппұлдың ерекшеліктері туралы еңбектері мен дереккөздері, мақала материалдары мен басылымдар және т.б. ғылыми жұмыстар мен ақпарат көздері көрсетілген. Мақаланы дайындау шеңберінде айыппұлдың еселенген мөлшеріндегі түрінің құқықтық реттеу ерекшеліктерін анықтау үшін қылмыстық заңнама нормаларын зерттеу кезінде салыстырмалы-құқықтық талдау әдісі қолданылды. Логикалық әдісті қолдану қылмыстық заңнама нормаларына талдау жүргізуге, қылмыстық заңнаманы жетілдіру бойынша ұсыныстар дайындауға мүмкіндік берді.

Нәтижелер/талқылау. Қазақстан Республикасының қылмыстық саясатын іске асыру бағыттарының бірі бас бостандығынан айыруға байланысты емес қылмыстық жазаларды қолдану мүмкіндігінкеңейту болып табылады, оның ішінде айыппұл сияқты жаза түрін атап өткен жөн. Айыппұл қылмыстық жазаның тиімді түрлерінің бірі болып танылады. «Айыппұл мемлекетке табыс әкелуге қабілетті, сондықтан мемлекеттік органдар бұл жазаға қызығушылық танытады және оны қолдану негізсіз болмайды. Айыппұл жазаның басқа түрлеріне қарағанда аз репрессияға ие» [2].

Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасы айыппұл түріндегі жазаны қылмыс жасағаны үшін де, қылмыстық теріс қылық жасағаны үшін де кінәліге қатысты негізгі жазалардың бірі ретінде көздейді. Қылмыстық жазалар жүйесіндегі айыппұл бірінші орында және жазалардың ең қатаңдығы аз түрлеріне жатқызуға болады.

Шетелдік тәжірибені зерттеу айыппұлды жаза түрі ретінде қолданудың жеткілікті таралуын көрсетеді. В.Н. Додоновтың пікірінше «айыппұл қылмыстық жазаның бір түрі ретінде әлемнің барлық елдерінің заңнамасында көзделген. Олардың көпшілігінде бұл жазаның ең көп қолданылатын түрі. Әлемнің барлық дерлік

елдерінде айыппұл негізгі және қосымша жаза ретінде әрекет етуі мүмкін. Сонымен қатар ол әрдайым негізгі жаза ретінде баламалы (ең алдымен бас бостандығынан айыру) және мүмкін болатын жалғыз жаза ретінде әрекет етеді» [3, 322-б.].

Кейбір шет елдердің қылмыстық заңнамасы бойынша айыппұл институтына қатысты «қазіргі әлемде айыппұл мөлшерін есептеудің бірнеше негізгі жүйелері белгілі, оларды таңдау ұлттық дәстүрлерге, елдің экономикалық жағдайларына және қылмыстық әрекеттің ерекшеліктеріне байланысты» [3, 323-б.]. Айыппұлдың мөлшерлерінің түрлері ішінде мыналарға назар аударуға болады:

1) жеткілікті тұрақты ақша жүйесі бар елдер үшін айыппұл мөлшерлемесін немесе оның шегін ұлттық валюта бірліктерінде белгілеу тән (Ұлыбритания, АҚШ, Швеция, Жапония, евро аймағының мемлекеттері);

2) посткеңестік кеңістік елдері үшін шартты өлшем бірліктерінде айыппұл мөлшерін белгілеу тән, мысалы, ең төменгі жалақы мөлшері (әдетте үкім шығарылған күні белгіленген ең төменгі айлық жалақы), айлық есептік көрсеткіш, ең төменгі күнкөріс деңгейі және т.б. (Әзірбайжан, Армения, Беларусь, Қырғызстан, Қазақстан, Литва және т.б.);

3) айыппұлдың мөлшерін күндізгі ставкаларда белгілеу (сот үкім шығару кезіндегі адамның жеке және материалдық жағдайын ескере отырып, әрбір нақты жағдайда күнделікті ставканы айқындайды, бұл жазаны барынша дараландыруға қол жеткізеді. Германия, Дания, Мексика және Эстонияда сот, әдетте, адамның орташа тәуліктік кірісі бар немесе болуы мүмкін таза кірістен шығады);

4) айыппұл мөлшері оны заңсыз алынған пайда сомасына, ұрланғанның құнына, қылмыстық айналым мөлшеріне және т.б. пайызбен немесе еселенген сомадан тұрады (атап айтқанда Испанияда, ҚХР-да қолданылады) [3, 323-б.].

«Әлемнің басқа елдерінде табысқа негізделген айыппұлдардың мөлшерін белгілейтін жүйелер жүз жылға жуық уақыт болды. «Күндізгі айыппұл» деп аталатын ең көп таралған модель адамның күнделікті

кірісіне сәйкес айыппұлдарды есептейді. Бұл модельдер тағайындалған жазалардың пропорционалдылығын қамтамасыз етеді, айыппұлдардың тиімділігін жаза ретінде арттырады және тіпті айыппұлдарды түрмеге балама ретінде пайдалануға мүмкіндік береді деп саналады» [4].

Алынған пайда сомасына, ұрланған мүлікке және т.б. қатысты еселенген мөлшерде тағайындалған айыппұл түрі ерекше ғылыми қызығушылық тудырады. Бұл институт, біздің ойымызша, жаңа және ең тиімді болып табылады.

Қылмыстық жаза ретінде еселенген мөлшердегі айыппұл түрі кейбір Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (бұдан әрі – ТМД) елдерінің қылмыстық заңнамасында қарастырылған. Ресей Федерациясының Қылмыстық кодексінің 46-бабына сәйкес «айыппұл ... тауардың құнының немесе коммерциялық пара беру сомасының, келісімшарттық қызмет қызметкерінің, келісімшартты басқарушының, сатып алуды жүзеге асыру жөніндегі комиссия мүшесінің және мемлекеттік немесе муниципалдық қажеттіліктерді қамтамасыз ету үшін тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу саласындағы тапсырыс берушінің мүдделерін білдіретін өзге де уәкілетті тұлғалардың пара алуымен, парамен немесе заңсыз өткізілген ақша қаражатының сомасының және (немесе) ақша құралдарының құнының еселенген мөлшерімен есептеледі»³.

Әзербайжан Республикасының Қылмыстық заңының нормаларына сәйкес экономикалық қызмет саласындағы кейбір қылмыстардың (заңсыз кәсіпкерлік, жалған кәсіпкерлік және т.б.) баптарының санкцияларында, мысалы, қылмыс нәтижесінде келтірілген залалдың (алынған табыстың) екі еседен төрт есеге дейінгі сомасына айыппұлдар көзделеді⁴.

Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасының еселенген мөлшердегі айыппұл институтын қолдану бөлігіндегі нормалары шет елдердің осындай жазаны қолдану бойынша ең жақсы тәжірибесін, оның ішінде осындай түрдегі айыппұл мөлшерін белгілеу тәсілдерін зерделеуді ескере отырып регламенттеледі.

2014 жылғы редакцияда қабылданған ҚР ҚК-де айыппұл айлық есептік көрсеткіштің белгілі бір мөлшерінде белгіленген, оның мөлшерін мемлекет әр жылға белгілейді, сонымен қатар еселенген мөлшердегі айыппұл да қарастырылған болатын. Айта кету керек, айыппұлдың бұл түрін құқықтық реттейтін қылмыстық-құқықтық нормаға оны жетілдіруге бағытталған келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілді:

1) қолданысқа енгізу сәтінде 2014 жылғы ҚР ҚК 41-бабының 1-бөлігі (2015 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша), айыппұл пара сомасының немесе құнының еселенген мөлшерінде көзделді және ҚР ҚК Ерекше бөлігінің тиісті бабының санкциясында белгіленген мөлшерде ҚР ҚК 366, 367 және 368-баптары бойынша қылмыстар үшін ғана тағайындалды⁵ (пара алу, пара беру және парақорлыққа делдал болу құрамдары бойынша санкцияда қарастырылған параның еселенген сомасы мөлшерінде);

2) бұдан әрі осы нормаға айыппұлдың еселенген мөлшерін нақтылау және жасағаны үшін бірнеше айыппұл қолдану көзделген құрамдар тізбесін кеңейту бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне құқық қорғау жүйесін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2017 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңымен ҚР ҚК-не өзгерістер мен толықтырулар енгізілді⁶ және ҚР ҚК 41-бабының 1 және 2-бөлімдері келесі

³ Уголовный кодекс Российской Федерации от 13.06.1996 г. № 63-ФЗ (ред. от 12.11.2018) [Электронный ресурс] – Режим доступа: http://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_10699/ (дата обращения: 06.03.2024).

⁴ Azərbaycan Respublikasının Cinayət Məcəlləsi (30 dekabr 1999-cu il tarixli 787-IQ sayılı Azərbaycan Respublikasının Qanunu ilə təsdiq edilmişdir) [Electronic resource] – Access mode: https://e-qanun.az/framework/46947#_Точ89058491 (Access date: 07.03.2024).

⁵ Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі: 2014 ж. 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226> (жүгінген күні: 05.03.2024).

⁶ Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне құқық қорғау жүйесін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы: Қазақстан Республикасының Заңы 2017 ж. 3 шілдедегі № 84-VI ҚРЗ [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1700000084#7> (жүгінген күні: 10.03.2024).

редакцияда нақтыланды (2017 жылғы 3 шілдедегі жағдай бойынша):

«1. Айыппұл осы Кодексте көзделген шекте, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген және қылмыстық құқық бұзушылық жасалған кезде қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің белгілі бір санына сәйкес келетін мөлшерде не пара сомасына немесе құнына, берілген ақша сомасына немесе берілген мүлік құнына, немесе алынған кіріс сомасына не бюджетке түспеген төлемдер сомасына еселенген мөлшерде тағайындалатын ақшалай өндіріп алу.

2. Айыппұл қылмыстық теріс қылықтар үшін – айлық есептік көрсеткіштің жиырма бестен бес жүзге дейінгі шегінде, қылмыстар үшін – айлық есептік көрсеткіштің бес жүзден он мыңға дейінгі шегінде, ал осы Кодекстің 245 (үшінші бөлігінде), 253 (екінші, үшінші, бесінші, алтыншы бөліктерінде), 307 (үшінші бөлігінің 2) тармағында), 366, 367 және 368-баптарында көзделген қылмыстар үшін осы Кодекстің Ерекше бөлігінің тиісті бабының санкциясында белгіленген мөлшерде белгіленеді. Айыппұл мөлшерін жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтың ауырлығын және сотталған адамның мүліктік жағдайын ескере отырып, сот айқындайды»⁷;

3) қолданыстағы қылмыстық заңның 41-бабындағы еселенген мөлшердегі айыппұлдың құқықтық реттеу мәселелері «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық, қылмыстық-процестік заңнама мен құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдар қызметін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2018 жылғы 12 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңымен анықталған⁸. Осы Заңға сәйкес ҚР ҚК 41-бабы жаңа редакциясында жазылған, соның ішінде еселенген мөлшердегі айыппұл мәселелері келесідей анықталған (ҚР ҚК 41 бабының 1, 2 бөліктері):

«1. Айыппұл – осы Кодексте көзделген шекте, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген және қылмыстық құқық бұзушылық жасалған кезде қолданыста болған айлық есептік көрсеткіштің белгілі бір санына сәйкес келетін мөлшерде не пара сомасына немесе құнына, берілген ақша сомасына немесе берілген мүлік құнына, жымқырылған мүлік құнына, алынған кіріс сомасына немесе бюджетке түспеген төлемдер сомасына еселенген мөлшерде тағайындалатын ақшалай өндіріп алу.

2. Айыппұл қылмыстық теріс қылықтар үшін – айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан екі жүзге дейінгі шегінде, қылмыстар үшін айлық есептік көрсеткіштің екі жүзден он мыңға дейінгі шегінде не еселенген мөлшерде белгіленеді»⁹.

Соңғы енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес, заң шығарушы еселенген мөлшерде белгіленетін айыппұл түріндегі жаза қарастырылатын қылмыстық құқық бұзушылықтар құрамының нақты тізбесі көзделетін практикадан бас тартты деген қорытынды жасауға болады. Енді зерттеліп отырған айыппұл түрін құқықтық реттеу бойынша жалпы норма қарастырылған және заң шығарушы ҚР ҚК-нің Ерекше бөлігінің бабында айқындалған санкцияларда жазаның осы түрін белгілеген. Талдау көрсеткендей, еселенген мөлшердегі айыппұл тек қылмыс жасағаны үшін тағайындалады, ал қылмыстық құқық бұзушылықтардың құрамдары бұрынғыдай нақтыланбаған.

Осылайша, айыппұл жаза ретінде балама түрде келесідей тағайындалуы мүмкін:

- ҚР ҚК-де көзделген шектерде ҚР заңнамасында белгіленген және қылмыстық құқық бұзушылық жасалған кезде қолданыста болған айлық есептік көрсеткіштердің белгілі бір санына сәйкес мөлшерде;

- пара сомасына немесе құнына, берілген ақша сомасына немесе берілген мүлік құнына, жымқырылған мүлік құнына, алынған кіріс сомасына немесе бюджетке түспеген

⁷ Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі: 2014 ж. 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226> (жүгінген күні: 05.03.2024).

⁸ Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық, қылмыстық-процестік заңнама мен құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдар қызметін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы: Қазақстан Республикасының Заңы 2018 ж. 12 шілдедегі № 180-VI ҚРЗ [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1800000180#z17> (жүгінген күні: 10.03.2024).

⁹ Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі: 2014 ж. 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ [Электрондық ресурс] – Айналыс режимі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226> (жүгінген күні: 05.03.2024).

төлемдер сомасына еселенген мөлшерде.

Айлық есептік көрсеткіштің мөлшерін заң шығарушы күнтізбелік жылға белгілейді және ҚР Бюджет заңнамасымен қарастырылады. Айлық есептік көрсеткіштердің мөлшері ҚР ҚК 41-бабының 2-бөлігіне және нақты қылмыстық-құқықтық нормалардың санкцияларына сәйкес шегінде көзделеді.

Қылмыстық заңға сәйкес айыппұлдың еселенген мөлшері келесі бірліктерде анықталған:

- пара сомасы немесе құны;
- берілген ақша сомасы немесе берілген мүлік құны;
- жымқырылған мүлік құны;
- алынған кіріс сомасы;
- бюджетке түспеген төлемдер сомасы.

Қолданыстағы ҚР ҚК қылмыстық құқық бұзушылық санкцияларын талдау мынадай қылмыстық құқық бұзушылықтардың санкцияларында еселенген мөлшерде айыппұл көзделетінін көрсетеді:

- 189-баптың 3-бөлігі 2) тармақшасы бойынша (Сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иемденіп алу немесе талан-таражға салу) әрекет жасағаны үшін – жымқырылған мүліктің он еселенгеннен жиырма еселенгенге дейінгі мөлшерінде айыппұл;

- 190-баптың 3-бөлігі 2) тармақшасы бойынша (Алаяқтық) әрекет жасағаны үшін – жымқырылған мүліктің он еселенгеннен жиырма еселенгенге дейінгі мөлшерінде айыппұл;

- 245-баптың 3-бөлігі бойынша (Ұйымдарға салынатын салықты және (немесе) бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеуден жалтару) іс-әрекет жасағаны үшін – бюджетке түспеген төлемдер сомасының екі еселенгеннен үш еселенгенге дейінгі мөлшерінде айыппұл;

- 253-баптың 2, 3, 5, 6-бөліктері бойынша (Параға коммерциялық сатып алу) іс-әрекеттер жасағаны үшін – тиісінше берілген ақша сомасының немесе берілген мүлік құнының отыз еселенгеннен сексен еселенгенге дейінгі мөлшерінде айыппұл;

- 307-баптың 3-бөлігі 2) тармақшасы (Заңсыз ойын бизнесін ұйымдастыру) бойынша іс-әрекет жасағаны үшін – алынған кіріс сомасының он еселенгеннен жиырма

еселенгенге дейінгі мөлшерінде айыппұл;

- 366-баптың 1, 1-1, 2, 3, 4-бөліктері бойынша (Пара алу) әрекеттер жасағаны үшін – тиісінше параның жиырма еселенгеннен сексен еселенгенге дейінгі сомасы мөлшерінде айыппұл;

- 367-баптың 1, 2, 3, 4-бөліктері бойынша (Пара беру) әрекеттер жасағаны үшін – тиісінше параның жиырма еселенгеннен алпыс еселенгенге дейінгі сомасы мөлшерінде айыппұл;

- 368-баптың 1, 2-бөліктері бойынша (Парақорлыққа делдал болу) іс-әрекеттер жасағаны үшін – тиісінше параның он еселенгеннен отыз еселенгенге дейінгі сомасы мөлшерінде айыппұл тағайындалады.

Аталған өзгерістер қабылданғанға дейін қылмыстық заңның редакциясымен салыстыра отырып, заңшығарушы қылмыстық жаза ретінде еселенген мөлшерде айыппұл салуды көздейтін іс-әрекеттер тізбесін едәуір кеңейткенін атап өткен жөн.

Қарастырылған іс-әрекеттердің тізбесінде экономикалық қызмет саласында, коммерциялық және өзге де ұйымдардағы қызмет мүдделеріне, халық денсаулығы мен адамгершілікке қарсы қылмыстардың кейбір құрамдарын жасағаны үшін еселенген мөлшердегі айыппұл қарастырғанын анықтауға болады. Көрсетілген қылмыс түрлері үшін еселенген мөлшердегі айыппұл салу қисынды және орынды болып көрінеді, өйткені аталған санаттағы іс-әрекеттер ең алдымен мүлікті жымқыруға, заңсыз табыс алуға немесе бюджетке төлемдерді төлемеуге бағытталған. Сонымен қатар аталған қылмыстық іс-әрекеттердің арасында бірқатар сыбайлас жемқорлық қылмыстар қарастырылған: ҚР ҚК 189-баптың 3-бөлігі 2) тармақшасы, 190-баптың 3-бөлігі 2) тармақшасы, 366-баптың 1, 1-1, 2, 3, 4-бөліктері, 367-баптың 1, 2, 3, 4-бөліктері, 368-баптың 1, 2-бөліктері (ҚР ҚК 3-бабының 29)-тармағында сыбайлас жемқорлық қылмыстар тізімі қарастырылған).

В.А. Уткиннің пікірінше «қоғамдық қауіптілігі ең алдымен олар келтірген мүліктік залалмен немесе кінәлінің материалдық пайдасының көлемімен анықталатын қылмыстар сияқты, ақшалай қаражаттың

(ақша құралдарының) заңсыз қозғалысы кезінде айыппұлды «еселенген» есептеу негізінен рұқсат етіледі... Бірақ пара алу және коммерциялық пара беру кезінде еселенген айыппұлды қолдану дұрыстығына күмәнданудың маңызды себептері бар. Өйткені, олардың қоғамдық қауіптілігінің сипаты мен дәрежесі, сайып келгенде, пара алу немесе пара беру сомасымен емес, коммерциялық және басқа ұйымдардағы және мемлекеттік билік саласындағы қызмет мүдделері саласындағы, мемлекеттік қызмет мүдделері мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарындағы қызмет саласындағы қылмыстық заңмен қорғалатын қоғамдық қатынастардың бұзылу дәрежесімен анықталады» [5, 9-б.].

Осы ұстанымды қолдай отырып, еселенген мөлшердегі айыппұл қолданған кезде жазаның бұл түрі қылмыс жасаған адамдарға қатысты қолданылатын ең қатаң емес негізгі жазалардың бірі болып табылатындығын ескеру қажет деп санаймыз. Ал, сыбайлас жемқорлық қылмыстардың қоғамдық қауіптілік дәрежесі айтарлықтай жоғары болып табылады. Т.Ғ. Махановтың пікірі бойынша «қазіргі таңда, аталған санаттағы қылмыстар үшін жаза тағайындау мәселесі өзекті болып отыр, себебі қоғамға аяны бұл қылмыстардың қоғамға қауіптілік дәрежесі едәуір жоғары» [6, 26-б.].

Аталған қол сұғушылықтар мемлекеттік биліктің беделіне нұқсан келтіруге, мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделерін бұзуға бағытталған. Біздің пікірімізше, парақорлық жасау кезінде еселенген мөлшердегі айыппұлды қолдану орынсыз болып көрінеді. Осыған байланысты

ҚР ҚК 366-368-баптарының санкциясынан тиісті нормаларды алып тастай отырып, сыбайлас жемқорлық қылмыстарға қатысты негізгі жаза түріндегі еселенген мөлшердегі айыппұлды қолданудан бастарту ұсынылады.

Сонымен қатар қарастырылып отырған айыппұл түрінің ерекшеліктерін ескере отырып, меншікке қарсы (мысалы, ұсақ-түйек жымқыру, ұрлық, мал ұрлау, тонау, қорқытып алу, сыбайлас жемқорлық құрамдарын қоспағанда сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иемденіп алу немесе талан-таражға салу және алаяқтық) және экономикалық қызмет саласында (мысалы, заңсыз кәсіпкерлік, заңсыз банктік, микроқаржылық немесе коллекторлық қызмет, қылмыстық жолмен алынған ақшаны және (немесе) өзге мүлікті заңдастыру (жылыстату) және экономикалық контрабанда) жасалған кейбір қылмыстық әрекеттер үшін қарастыру ұсынылады.

Жоғарыда айтылғандар, біздің ойымызша, еселенген мөлшердегі айыппұлдың мақсатын толық көлемде жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Қорытынды. Еселенген мөлшердегі айыппұлды қолдануға болатын қылмыстық құқық бұзушылықтар құрамдарының санын көбейтуді қылмыстық заңнаманы жетілдіру бағыттарының бірі ретінде қарастыруға болады. Осындай түріндегі айыппұл институтын кеңейту жөніндегі шаралар, біздің ойымызша, бас бостандығынан айырудың баламалы жазалау шараларын, оның ішінде меншікке қарсы және экономикалық қызмет саласында кейбір қылмыстық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін пайдалану жөніндегі іс-шараларды іске асыруға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Меркурьев, В.В. Некоторые вопросы уголовного наказания в виде штрафа, кратного сумме взятки, по уголовному законодательству Республики Казахстан / В.В. Меркурьев, Т.Г. Маханов, В.С. Минская // Всероссийский криминологический журнал. – 2017. – № 2. – С. 416-425.
2. Malykova, S.B. Some issues of execution of criminal punishment in the form of a fine / S.B. Malykova, N. Akraeva // European journal of law and political sciences. – 2015. – № 1. – Pp. 75-76.
3. Додонов, В.Н. Сравнительное уголовное право. Общая часть: монография; под общ. и науч. ред. д.ю.н., профессора, заслуженного деятеля науки РФ С.П. Щербы / В.Н. Додонов. – М., 2009. – 448 с.
4. A. Schierenbeck. The Constitutionality of Income-Based Fines / The University of Chicago

Law Review [Electronic resource] – Access mode: <https://lawreview.uchicago.edu/print-archive/constitutionality-income-based-fines> (Access date: 12.03.2024).

5. Уткин, В.А. Парадоксы штрафа / В.А. Уткин // Уголовная юстиция. – 2014. – № 2 (4). – С. 9-12.

6. Маханов, Т.Ф. Сыбайлас жемқорлық қылмыстары үшін тағайындалатын қосымша жазалардың кейбір мәселелері / Т.Ф. Маханов // Құқық қорғау органдары академиясының жаршысы. – 2018. – № 2 (8). – 24-32 б.

References:

1. Merkur'ev, V.V. Nekotorye voprosy ugovnogo nakazaniya v vide shtrafa, kratnogo summe vzjatki, po ugovnomu zakonodatel'stvu Respubliki Kazahstan / V.V. Merkur'ev, T.G. Mahanov,

V.S. Minskaja // Vserossiiskij kriminologicheskij zhurnal. – 2017. – № 2. – S. 416-425.

2. Malykova, S.B. Some issues of execution of criminal punishment in the form of a fine /

S.B. Malykova, N. Akpaeva // European journal of law and political sciences. – 2015. – № 1. – Pp. 75-76.

3. Dodonov, V.N. Sravnitel'noe ugovnoe pravo. Obshhaja chast': monografija; pod obshh. i nauch. red. d.ju.n., professora, zaslužennogo dejatelja nauki RF S.P. Shherby / V.N. Dodonov. – M., 2009. – 448 s.

4. A. Schierenbeck. The Constitutionality of Income-Based Fines / The University of Chicago Law Review [Electronic resource] – Access mode: <https://lawreview.uchicago.edu/print-archive/constitutionality-income-based-fines> (Access date: 12.03.2024).

5. Utkin, V.A. Paradoksy shtrafa / V.A. Utkin // Ugovnaja justicija. – 2014. – № 2 (4). – S. 9-12.

6. Mahanov, T.F. Sybajlas zhemqorlyq qylmystary yshin tağajyndalatyn qosymsha zhazalardyң kejbir мәseleleri / T.F. Mahanov // Құқық қорғау органдары академиясының жаршысы. – 2018. – № 2 (8). – 24-32 б.

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР / СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ / INFORMATION ABOUT AUTHORS

Асель Муратовна Алибекова – Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институтының арнайы заң пәндері кафедрасының доценті, заң ғылымдарының кандидаты, e-mail: aselam@mail.ru.

Алибекова Асель Муратовна – доцент кафедры специальных юридических дисциплин Института послевузовского образования Академии правоохранительных органов при Генеральной прокуратуре Республики Казахстан, кандидат юридических наук, e-mail: aselam@mail.ru.

Alibekova Assel Muratovna – Associate Professor of the Department of Special Legal Disciplines of the Institute of Postgraduate Education of the Law Enforcement Academy under the Prosecutor General's Office of the Republic of Kazakhstan, Candidate of Law, e-mail: aselam@mail.ru.